



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»**

студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

---

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»**

---

PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»**



14<sup>th</sup> April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»  
студенттер мен жас ғалымдардың  
XII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS  
of the XII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2017»**

**2017 жыл 14 сәуір**

**Астана**

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2017

- Оқушының еркін ойлауына мүмкіндік береді;
- Ақыл - ойын дамытады;
- Шығармашылық белсендігін арттырады;
- Ұжымдық іс - әрекетке тәрбиелейді;
- Тіл байлығын жетілдіреді;
- Жан - жақты ізденушілігін арттырады.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияның негізгі мақсаты – оқушыны қазіргі қоғам сұранысына сай, өзінің өмірлік іс-әрекетінде дербес компьютердің құралдарын қажетті деңгейде пайдаланатын жан-жақты дара тұлға ретінде тәрбиелеу. Білім беруде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану мен оқушылардың күзiреттiлiгiн қалыптастыру, қазiргi заман талабына сай ақпараттық-коммуникативтік технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының бiлiм беру үрдісінде шығармашылық қабiлетiн дамытуға мүмкiндiк бередi. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған бiлiмдерiн кеңейтiп, өз бетiмен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс iстеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, бiлiм алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс iстей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берiлетiн оқу тапсырмаларын қиындық деңгейi бойынша реттей алу мүмкiндiгiнен, тапсырманың дұрыс нәтижесi үшiн марапаттай алу қызметiнен де байқалады[3].

Заманауи ақпараттық-коммуникативтік технологиялар құралдарымен жұмыс iстеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берiлген тапсырмалардың нәтижелi орындалуына, басты мәселеге назар аудара бiлуге баулиды, сондай-ақ, АКТ құралдарымен жұмыс iстеу барысында оқушылардың өзiнiң жеке iс-әрекетiн дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешiм қабылдай алуға тәрбиелейдi.

#### **Қолданылған әдебиеттер тiзiмi**

1. Ә.М.Нұрмағамбетова. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны оқу үрдісінде пайдалану.// Педагогикалық альманах, №3-4,2010, 64-бет
2. Дьяченко В.К. Новая педагогическая технология и ее звания.// Изд. "Соло" Красноярского университета. 1994г.
3. <http://bilimdiler.kz>[қаралған күні 20.03.2017]

ӘОЖ 004.387

### **КОМПЬЮТЕРДІ БАСҚАРУДА DEVMGMT.MSC ҚҰРЫЛҒЫ ДИСПЕТЧЕРІ**

**Атчыбаева Индра Довлетбаевна**

[1995-indir@mail.ru](mailto:1995-indir@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Ақпараттық технологиялар факультеті,


Информатика кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Н.Т. Шындалиев

Құрылғы диспетчері жүйеде табылған құрылғыға қосылулы драйверлерді тексеру мен жаңартуға мүмкіндік береді. Бұл жүйелік инспектор ақауларды диагностика жасауда көмегі болады, сондықтан құрылғы диспетчерін ашу бәріне пайдалы.

Windows интерфейсі


Құрылғы диспетчерін қосудың ең қарапайым тәсілі - «Компьютер» белгішесіне тышқанның оң батырмасын шертіп контексті мәзірінен «Управление» тармағын таңдау болып табылады. «Управление компьютера» пайда болған терезісінің сол жақ мәзірінен «Диспетчер устройств» таңдаңыз.



Сурет 1. Компьютерді басқару терезесі

Болмаса диспетчерді «Панель управления» арқылы келесідей ашуға болады:


1. «Система и безопасность» қосымшасын ашыңыз.
2. «Система» бөлімін табыңыз.
3. «Диспетчер устройств» іске қосыңыз.
- 4.



Сурет 2. «Басқару тақтасы» терезесі

Егер бұл тәсіл сәйкес келмесе құрылғы диспетчерін «system32» бумасынан тікелей шақыруға болады.

- «C:\WINDOWS\system32» бумасын ашыңыз.
- devmgmt.msc утилитін екі рет шерту арқылы іске қосыңыз.




Сурет 3. Құрылғы диспетчерін «system32» бумасынан тікелей шақыру терезесі

Экранда әрі қарай қосылулы құрылғылардың программалық қамтамасында өзгертулер енгізе отырып жұмыс жасай алатын құрылғы диспетчері пайда болады.

«Выполнить» мәзірі. Windows-тың барлық нұсқасында іске асатын «Выполнить» терезесін қолдану тәсілі болып табылады, оны Пуск немесе Win+R көмегімен іске қоса аласыз.

1. «Выполнить» инструментін ашыңыз.
2. «devmgmt.msc»енгізіңіз.
3. «Ок» батырмасын басыңыз.




Сурет 4. Орындау терезесі

Выполнить командасы арқылы кез-келген программа, жүйелік инструменттер мен бумалар қосылады – тек іске қосу командасын дұрыс көрсетуіңіз қажет.

*Команда жолын қолдану. Құрылғы диспетчерін команда жолы арқылы қосып көрейік. Алдымен команда интерпретаторы терезесін ашуымыз қажет. Windows XP-де мысалы «Пуск» мәзірі арқылы орындалады, стандартты программалар ішінде команда жолы бар.*

Windows-тың басқа нұсқаларында орнатылған іздеу жолдары арқылы немесе жоғарыда көрсетілген «Выполнить» мәзірінде «cmd» сұратуын көрсету арқылы қолдануға болады. Командалық жол жүйелік қосымша болып табылады, оның орындаушы файлы (исполнительный файл) «Windows» директориясының «system32» бумасында сақталады. Windows командасы интерпретаторлары жұмысына өту үшін cmd.exe файлын екі рет шертіңіз.



Сурет 5. Cmd.exe файлы терезесі

Құрылғы диспетчерін команда жолы арқылы ашу үшін «Выполнить» терезесінде орындаған – «devmgmt.msc» командасын енгізуіңіз керек. Enter пернесін басқаннан кейін сіз жұмыс жасай алатын барлық қосулы құрылғылардың тізімі шығады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сергей Бормотов– Системное администрирование на 100%, ISBN: 5-469-01220-4. «Питер» 2006.
2. Александр Кенин– Самоучитель системного администратора, ISBN: 5-94157-875-X. «БХВ-Петербург» 2006.
3. Дон Джонс - Средства автоматизации в Microsoft Windows (+ CD-ROM). ISBN: 5-7163-0129-0, 0-7356-2166-7. Изд.«Бином. Лаборатория знаний», «Эком» 2006.

ӘОЖ 004.02

### МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ ҚОСЫМШАНЫ ҚОЛДАНУ

**Аширбекова Дина Бахтиярқызы**  
dina\_95.kz@inbox.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Информатика кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекші – А.К. Альжанов

XXI ғасыр – техниканың озық дамыған ғасыры, яғни ақпараттандыру ғасыры деп атап өтсек болады. Сол себепті жылдан-жылға ақпараттық технологиялар қарқанды дамып келеді және де қоғамда дерлік барлық салада қолданылады, соның ішінде білім беру.

Қазіргі уақытта ақпараттық (мультимедиялық) технологияларды пайдалану білім беру жүйесінде, сондай-ақ оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа мүмкіндіктер ашады.

Бүгінде білім беру процесінде жаппай мультимедиялық қосымшалар қолданылуда. «Мультимедиа» (ағыл. Multimedia) латын тілінен аударғанда multum – көп және media - medium – зейін қою дегенді білдіреді. Ал енді мультимедиялық қосымшалар туралы айтар болсақ мұндай бағдарламалық қамтамалар ақпаратты оқушыға мәтін, графика, сурет, дыбыс, анимация, видео түрінде түсіндіруге мүмкіндік береді.